

"Жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшылар мен алушыларды олардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы ақпараттандыру тәртібі туралы нұсқаулықты" бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі Төрағасының 1998 жылғы 18 желтоқсандағы N 171-П бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қаңтарда N 668 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 267 қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшылар мен алушыларды олардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы ақпараттандыруын р е т к е к е л т і р у м а қ с а т ы н д а бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған "Жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшылар мен алушыларды олардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы ақпараттандыру тәртібі туралы нұсқаулық" бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қ о л д а н у ғ а е н г і з і л с і н .

2. Заң бөлімі (Ремкевич Н.А.) "Жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшылар мен алушыларды олардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы ақпараттандыру тәртібі туралы нұсқаулықты" мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

Директор

Б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі
Ұлттық зейнетақы агенттігінің
1998 жылғы 18 желтоқсандағы
N 171 бұйрығымен

**Жинақтаушы зейнетақы қорларының
салымшылар мен алушыларды олардың
жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі
туралы ақпараттандыру тәртібі туралы
Нұсқаулық**

Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасында Зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және Жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - қорлар) салымшылар мен алушыларды олардың жинақтаған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы ақпараттандыру тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Заңның 41-бабына сәйкес қорлар салымшылар мен алушыларды олардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы жылына кемінде бір рет ақпараттандыруға міндетті.

Заңның осы нормасын атқару үшін қорлардың салымшылар мен алушыларды жыл сайын міндетті ақпараттандыру тәртібі жазбаша түрде енгізіліп отыр.

2. Ақпаратты салымшыларға және алушыларға дербес зейнетақы шотынан үзінді түрінде қорлар береді және мыналар қамтылады:

1) ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы туралы ақпарат;

2) өткен жылы түскен зейнетақы жарналарының сомасы туралы ай бойынша бөлінген мәліметтер;

3) өткен жылы жасалған зейнетақы төлемдерінің сомасы туралы, ұсталған табыс салығы сомасын көрсете отырып, ай бойынша бөлінген мәліметтер;

4) өткен жыл үшін есептелген инвестициялық табыс сомасы туралы мәліметтер.

3. Заңның 27 және 28 баптарына сәйкес салымшылар мен алушылар қорға жеке өтініш жасаған кезде өзінің жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы кез келген ақпаратты алуға құқылы.

4. Салымшылар мен алушыларды жыл сайын міндетті ақпараттандыру қордың өз қаражаты есебінен жүргізіледі. Қорлар салымшылар мен алушылар қорға жеке өтініш жасаған кезде ақпарат бергенде көрсетілген қызметтер үшін комиссиялық сыйақы белгілеуге құқылы.

5. Қор салымшылар мен алушыларды ақпараттандыруды құпиялылық талаптарын сақтай отырып жүзеге асыруға тиіс.

6. Қор жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті ақпараттарды жіберу тізілімін жүргізуі тиіс.

7. Жыл сайынғы міндетті ақпараттың мерзімі - ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан бастап 2 айдың ішінде.

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті төрағасының 2002 жылғы 12 ақпандағы N 20-ө бұйрығымен.

2. Салымшыларды міндетті ақпараттандыру тәртібі

8. Салымшыларға жыл сайынғы міндетті ақпараттарды:

1) қордың агенті арқылы;

2) зейнетақы жарналарын төлеуші/жұмыс беруші арқылы - келісім бойынша, қызметкерлердің жұмыс беруші арқылы ақпарат алуға берген келісімін растайтын құжаты болған жағдайда. Зейнетақы жарналарын төлеушіге/жұмыс берушіге жұмыс беруші оны алуға уәкілеттік білдірген адам сенімхатты көрсеткен кезде беріп жіберу;

3) салымшының үйінің мекен-жайына почта байланысымен жіберу арқылы қамтамасыз етіледі.

9. Ақпарат салымшыға конвертке салынып жіберіледі. Сонымен бірге қор мыналарға міндетті:

1) қор салымшыларының дербес зейнетақы шоттарынан үзінді басып беруге;

2) үзінділерді конвертке салуға (мына ережелерді қатаң сақтай отырып: бір салымшы - бір конверт. Бір конвертке міндетті жарналар бойынша, сол сияқты ерікті жарналар бойынша да ақпараттар салынуы тиіс). Конверттің беткі жағында мыналар көрсетіледі: салымшының тегі, аты, әкесінің аты және оның үйінің мекен-жайы, ал ақпаратты зейнетақы жарналарын төлеушінің/жұмыс берушінің мекен-жайына жіберген жағдайда - оның атауы, тұрған орны, қордың агенті арқылы осы төлемшіге арнап беріп жіберілген конверттердің жалпы саны.

3. Алушыларды жыл сайынғы міндетті ақпараттандыру тәртібі

10. Алушыларға міндетті ақпараттарды:

1) қор агенті арқылы;

2) алушының үйінің мекен-жайына почта байланысымен жіберумен қамтамасыз етіледі.

11. Ақпарат алушыларға конвертке салынып жіберіледі. Қор сонымен бірге ақпараттың осы Нұсқаулықтың 2.2 тармағында көрсетілген тәртіппен жіберілуін қамтамасыз етуге міндетті.

4. Салымшылардың және алушыларды қорға жеке өтініш жасаған кезде ақпараттандыру

12. Салымшыларды және алушыларды олардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы қорғау өтініш жасаған кезде ақпараттандыру сұрау салынған көлемде жүзеге асырылады.

13. Салымшылар мен алушылар жеке өтініш жасаған кезде қор ақпаратты кез келген сұрау салынатын күнге Салымшының есеп кітапшасына белгі қою түрінде

б е р е д і .

14. Қорлар салымшылардың және алушылардың жеке өтініш жасаулары бойынша ақпараттың берілуін тіркеуді жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК